

Банктік емес сектордың 2010 жылғы 1 мамырдағы ағымдағы жағдайы

2010 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша республикамызда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар 16 ұйым, оның ішінде 7 ипотекалық ұйым тіркелді. «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ-ның атауы «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ-ға ауыстырылды және уәкілетті орган 2010 жылғы 12 сәуірде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензия берді.

№	Ұйымдардың атауы	01.01	01.05
1	Ипотекалық ұйымдар	7	7
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар	9	9
	оның ішінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар	2	2
	Жиынтығы	16	16


Ипотекалық ұйымдар

Активтер. Ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 2010 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 178 721,6 млн. теңгені құрады, бұл 2010 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 2,2 есе (98 441,1 млн. теңгеге) көп.


Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасындағы маңызды үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар 72,7%-ды (129 874,7 млн. теңгені) құрап отыр, ал бағалы қағаздар үлесіне – 13,9% (24 808,2 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарға – 5,5% (9 805,3 млн. теңге), басқа банктерде орналастырылған салымдарға – 1,3% (2 283,8 млн. теңге) келіп отыр.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01		01.05		Өсім, %-бен
	млн.теңге	жиынтығын да %-бен	млн.теңге	жиынтығын да %-бен	
Қолма-қол ақша	900,4	1,1	965,6	0,5	7,2
Корреспонденттік шоттар	1 506,2	1,9	9 805,3	5,5	6,5 есе
Бағалы қағаздар	1 893,0	2,4	24 808,2	13,9	13,1 есе
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	716,0	0,9	2 283,8	1,3	3,2 есе
Клиенттерге берілген заемдар	68 357,1	85,2	129 874,7	72,7	90,0
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	1 546,7	1,9	4 453,7	2,5	2,9 есе
Клиенттерге ұсынған заемдар және қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)	-10 156,6	-12,7	-11 720,9	-6,6	15,4
Басқа активтер	15 517,7	19,3	18 251,2	10,2	17,6
Барлығы активтер	80 280,5	100	178 721,6	100	2,2 есе

01.01 жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)



01.05 жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)




Кредиттік портфель. Ағымдағы жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі 2010 жылдың басынан бастап 1,9 есе (61 517,6 млн. теңгеге) ұлғайып, 129 874,7 млн. теңгені құрады.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелі құрылымының сапасын талдайтын болсақ, стандартты кредиттердің үлесі ұлғайғаны байқалады. Мәселен, 2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі 72,5%, ал ағымдағы жылғы 1 мамырда – 83,9% болды. Күмәнді кредиттердің үлесі 16,8%-дан 9,5%-ға дейін төмендеді. Үмітсіз кредиттердің үлесі 2010 жылғы 1 мамырда 6,6%-ды құрағанын атап айтқан жөн. Үмітсіз заемдардың сомасы абсолюттік мәнінде ағымдағы жылдың басынан бастап 1 254,5 млн. теңгеге ұлғайды.

Несие портфелі сапасының динамикасы	01.01		01.05	
	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	жиынтығы % -бен	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	жиынтығы % -бен
Несие портфелі барлығы	68 357,1	100	129 874,7	100
Стандартты	49 582,3	72,5	108 997,4	83,9
Күмәнді	11 447,7	16,8	12 295,7	9,5
<i>1-санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	3 940,0	5,8	3 306,8	2,5
<i>2-санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	929,7	1,4	1 142,7	0,9
<i>3-санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	1 616,1	2,4	2 578,2	2,0
<i>4-санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	1 058,7	1,5	1 156,2	0,9
<i>5-санатты күмәнді</i>	3 903,2	5,7	4 111,8	3,2
Үмітсіз	7 327,1	10,7	8 581,6	6,6

Ипотекалық ұйымдардың несие портфелінің өзгеру динамикасы, млрд. теңгемен




Ағымдағы жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі 2 ірі ипотекалық ұйымдардың үлесі 88,2%-ды құрады. Олардың ішінде: «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ - 52,2% және «БТА Ипотека» АҚ – 36%.


Міндеттемелер. Ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 2010 жылдың басындағы деректермен салыстырғанда 77 869,1 млн. теңгеге немесе 2,3 есе ұлғайып, 2010 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 139 529,5 млн.теңгені құрады. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (58,2%-ға) басым болды.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01		01.05		Өсім %-бен
	млн.теңге	жиынтығын да %-бен	млн.теңге	жиынтығында %-бен	
Басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар	27 133,4	44,0	25 883,4	18,6	-4,6
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	27 488,0	44,6	81 233,3	58,2	3 есе
Басқа кредиторлар	6 010,5	9,7	6 184,4	4,4	2,9
Басқа міндеттемелер	1 028,5	1,7	26228,4	18,8	25,5 есе
Міндеттемелердің барлығы	61 660,4	100	139 529,5	100	2,3 есе

01.01 жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)




01.05 жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)



Кірістілік. Ипотекалық ұйымдар есепті күнге 427,7 млн. теңге мөлшерінде пайда алды. Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 13 020,1 млн. теңге (2009 жылғы 1 мамырда – 12 393,2 млн. теңге) болды, шығыстардың жиынтық мөлшері – 12 592,4 млн. теңге (2009 жылғы 1 мамырда – 13 650,2 млн. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млн. теңгемен	01.05.2009	01.05.2010	Өсімі %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	4 203,5	5 670,9	34,9
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	2 537,3	4 244,2	67,3
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	8 189,7	7 349,2	-10,3
Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар	11 112,9	8 348,2	-24,9

Пайыздық кірістер құрылымында өзге кірістер (44,6% немесе 5 810,7 млн. теңге) біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында қамтамасыз етуге қаржыны бөлу (44,5% немесе 5 605,9 млн. теңге) ең көп орын алады.



Ипотекалық ұйымдардың балансы бойынша меншікті капиталы 2010 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 39 192 млн. теңге болды, бұл 2010 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 2,1 есе (20 571,9 млн. теңгеге) көп.

Меншікті капиталдың жеткіліктілігі	01.01	01.05
Төленген жарғылық капитал (оның ішінде қосымша капитал), млн. теңгемен	18 915,0	45 250,2
Есептелген меншікті капитал, млн. теңгемен	14 479,5	35 065,0
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті ($k_1 \geq 0,06$)	0,223	0,218
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті ($k_1-2 \geq 0,06$)	0,234	0,240
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті ($k_1-3 \geq 0,12$)	0,180	0,210